

## БӨЛІМ: ЛОГОПЕДИЯ

**"С-Ш дыбыстарын ажырату" логопедиялық сабақ**

ЖАРИЯЛАНДЫ  
04.06.2021

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/99564/>

Тіл мүкiстiгi бар балаларға арналған №3 облыстық арнаулы мектеп-интернаты, Атырау қаласы

Логопед Лукпанова Аягос Бактыгалиқызы

Логопедия Жеке сабақ

**Тақырыбы:** С-Ш дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде ажырату

**Сабақтың мақсаты:** С-Ш дыбыстарының артикуляциясын нақтылау, дыбыстарды буында, сөзде, сөйлем ішінде ажырату, дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, фонематикалық қабылдауын, байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын арттыру.

**Түзете дамыту мақсаты:** Ойлау, зейін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жазу каллиграфиясын түзеу.

**Тәрбиелік мақсаты:** Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу

**Көрнекілігі:** айна, шар, су, слайд, суреттер т.б.

**Әдіс-тәсілдері:** Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік, ойындар, суреттер, кеспе әріптер.

Жүру барысы:

| Іс-әрекет кезеңдері | Логопедтің іс-әрекеті   | Оқушының іс-әрекеті             |
|---------------------|---|---------------------------------|
| Мотивациялық қозғау | <b>І. Ұйымдастыру.</b><br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілі.<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күн суытады. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшады. Жаңбыр жиі жауады. т.б. | Күз мезгілі туралы аңгімелейді. |

|                                     |   |   |
|-------------------------------------|---|---|
| <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік</p> | <p><b>II. Тыныс алу жаттығуын жасау.</b><br/>Шарды уру. Суы урлеу.<br/>-Балалар, біз не урледік?<br/>-Шар және су.<br/>-Шар сөзі қандай дыбыстан басталады?<br/>-Су сөзі қандай дыбыстан басталады?<br/>-Өте жақсы. Біздің бүгінгі тақырыбымыз с-ш дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде ажырату.</p> <p><b>III. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</b><br/>1. «Айтқанда көнбеген тілді жазалау»<br/>Мақсаты: тілді босансыту.<br/>Бала тілін төменгі ерінге қойып, жоғары ернімен «пя-пя-пя» деп тигізіп айтады, содан кейін тілді жалпақ күйге келтіріп, сызып шығару, 1-ден 10-ға дейін санағанша ұстау.<br/>2. «Тісті тазалау» Мақсаты: тілдің ұшын тістің сыртында ұстап тұруды үйрету.<br/>Баланы жамитып, тілдің ұшымен төменгі және жоғарғы тістердің ішкі жағын тазалаймыз.<br/>3. «Төтті тосап» Мақсаты: тілдің алдыңғы жағының қимылын дамыту<br/>Күлеміз, аузымызды ашамыз, жалпақ тілмен жоғары және төменгі ерінді жалаймыз.<br/>4. «Кесе» Мақсаты: тілдің «шашке» түріне көлтре алуын қадағалау.<br/>Ауыз көн ашық. Жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеу керек.</p> <p><b>IV. С дыбысының артикуляциясын еске түсіру.</b><br/>Ерін жымып, күлімсіреп тұрады. Тістердің арасы 1 мм ашық. Тілдің ұшы төменгі тістерге тіреліп тұрады. Тілдің ортасы көтерілкі, ауа ағыны суық, еркін өтеді. Тілдің бүйір жақтары жоғары ауа тістерге тиіп тұрады. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрынға баратын ауа жолын жабады, дыбыс перделері ашылады.<br/>С дыбысы ысқырық дауыссыз дыбыстарға жатады. С қатаң дауыссыз дыбыс.</p> <p><b>V. Ш дыбысының артикуляциясын еске түсіру.</b><br/>Ерніміз дөңгеленеді. Тістердің арасында 1-2 мм санылау болады. Тілдің ұшы таңдайдың алдыңғы жағына көтеріліп тұрады, бірақ таңдайға тимейді. Тілдің бүйірлері азуларға тиеді. Тыныс тілдің арасынан бірқалыпты шығады: алақанды ауызға жақындатса, жылы ауа сезіледі. Ш дыбысы ызақ дауыссыздарға жатады. Ш қатаң дауыссыз дыбыс.</p> <p><b>VI. «Ашық буынды, жабық буынға алмастыр» ойыны</b><br/>Са-ас, ша-аш, шо-ош, се-ес, шу-уш, су-ус, ше-еш, си-ис, ши-иш.</p> <p><b>VII. Фонематикалық қабылдауын дамыту</b><br/>Бірнеше сөздер айту, с дыбысы бар сөздерді айтқанда қызыл түсті көтеру, ш дыбысын айтқанда көк түсті көтеру.<br/>Шана, сана, сабақ, шабақ, шаш, лас, аласа, алаша, ласық, қасық, кеше, кесе, су, шу.</p> <p><b>VIII. Суретпен жұмыс.</b> Оқушыларға суреттерді үлестіру. Сол суреттер арқылы с, ш дыбыстарын ажырату.</p> <p><b>IX. «Жұдырық, тақта, алақан».</b> Ұсақ моторикаға арналған жаттығу орындау. Орындалу тәсілі: Алақандарды алдымен жұдырыққа түйіп, одан соң тігінен ұстап, сосын алақанды үстел үстіне қою. Осы қимылдарды кезектестіре, тез орындау.<br/>Жіптегі түйіншікті шеше отырып, с, ш дыбыстарына сөздер ойлау.</p> <p><b>X. Тіл ұстарту жаттығулары</b><br/>Ш-ш-ш-ш<br/>Балалық шақ тамаша<br/>Шу-шу-шу<br/>Әжем шашты шашу<br/>Шы-шы-шы<br/>Қойды бақты қойшы<br/>Аш-аш-аш<br/>Қарағай, шырша-ағаш.<br/>Са-са-са - би билейді жараса<br/>іс - іс - іс - іс еді жеміс.</p> <p><b>XI. «Жоғалған дыбысты тап».</b> Сөздерг С,Ш дыбыстарын қою.<br/>...аны...қы .....атыр .....ағала<br/>жа...тық<br/>...ұжық жу...ан а...қбақ<br/>...ауы...қан қап...ық ...ырай<br/>бағдар...ам</p> <p><b>XII. Сергіту сөті</b><br/>Суға біз жүземіз,<br/>Тауға да біз шығамыз.<br/>Шынығамыз жүгіріп,<br/>Шынығамыз секіріп,<br/>Шынығамыз адамдап.<br/>Бір мезгілде демаламыз, дамылдап.</p> <p><b>XIII. «Адаққан сөздерден сөйлем құрау»</b><br/>Кішіпейіл бала ерқашан үлкендерді сыйлайды.<br/>Күлеш қазақ халқының бұлбұл әнісісі.</p> <p><b>XIV. Мәтінді оқып, с.ш дыбыстарын қою.</b> Ла...ын<br/>Ла...ын жыртық... құ... . Оның арқа...ы көк<br/>...ұр, ал алқамы ақ ...урлау болып келеді.<br/>Көзі деп дөңгелек, қап-қара. Қанаты ұзын және ...үйір.</p> <p><b>XV. «Адаққан әріптер»</b> Өлеңдегі<br/>кәтені түзеу<br/>Шабәк оқып, бес алдық,<br/>Беркін киіп басына.<br/>Бүгін алдық, кеше алдық.<br/>Үйден сықты асыға. Төбет<br/>Ілнді сортаң қармаққа,<br/>шүйек кемірді<br/>Сортанды өзің салмақта.<br/>Содан күнде шемірді.</p> <p><b>XVI. Жаңылтпаштар айту.</b><br/>«Ш» -ға тілін көле мет<br/>«С» боп кете бере ме?<br/>Тілін келсе сен енді,<br/>Айта қойшы тездетіп,<br/>«Шана-сана» - дегенді.<br/>Сорпа іштік,<br/>Сорпа ыстық,<br/>Сондықтан қорқа іштік.</p> | <p>Тыныс алу жаттығуын орындайды.</p> <p>Оқушылар айнаға қарап, артикуляциялық жаттығуларды орындайды.</p> <p>С дыбысының артикуляциясын еске түсіреді.</p> <p>Ш дыбысының артикуляциясын еске түсіреді.</p> <p>Буындарды алмастырады.</p> <p>С, Ш дыбыстарын ажыратады.</p> <p>Суретпен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Ұсақ моторикаға арналған жаттығуды орындайды.</p> <p>Тіл ұстарту жаттығуларын орындайды.</p> <p>Жоғалған дыбыстарды табады.</p> <p>Сергіту сөтін орындайды.</p> <p>Сөйлемдер құрайды.</p> <p>Мәтіннен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Өлеңдегі қателерді түзейді.</p> <p>Жаңылтпашты жатқа айтады.</p> |
|-------------------------------------|---|---|

|                         |   |                                   |
|-------------------------|---|-----------------------------------|
| Рефлексивті түзетушілік | Бүгін қандай дыбыстарды өттік?<br>С.Ш дыбыстары қандай дыбыс?<br>С.Ш дыбыстарын айтып көрші?<br>С.Ш дыбыстарына сөздер ойла | Қойылған сұрақтарға жауап береді. |
|-------------------------|---|-----------------------------------|

### Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: С-ш дыбысын ажыратуды, дұрыс айтуды;

Нені игереді: С-Ш дыбыстарының сөзден орнын табуды, сөздерді буынға бөлуді;

Нені қолдана алады: Суреттерді атауды, жаңылтпаштар айтуды, артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасауды.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.